

Куәландырушы орталықтың тіркеу куәліктерін қолдану САЯСАТЫ

Иесі:	Цифрлық дамыту департаменті	
Қосалқы иесі:		
Өзірлеуші:	Цифрлық дамыту департаменті	
Реттеу субъектілері:	Технологиялық шешімдер департаменті АЖ қолдау департаменті Сәулет шешімдері департаменті Жүйелік қамтамасыз ету және телекоммуникациялар департаменті Ақпараттық жүйелерді қорғау департаменті	
Бекітілді:	Директорлар кеңесі (№02/06/23-01 хаттама)	«02» маусым 2023ж.
Күші жойылды деп танылған ІҚ:	Куәландырушы орталықтың тіркеу куәліктерін қолдану саясаты	"Jusan Bank" АҚ Директорлар кеңесімен бекітілді (27.04.2023 ж. № 27/04/23-01 хаттама)

Мазмұны

1-тарау. Жалпы ережелер	Ошибка! Закладка не определена.
2-тарау. Глоссарий	3
3-тарау. Тіркеу куәліктерінің мақсаты	Ошибка! Закладка не определена.
4-тарау. Куәландырушы орталықтың сақтау орны және ондағы деректерді жариялау Ошибка! Закладка не определена.	
§1. Сақтау және жариялау	Ошибка! Закладка не определена.
§2. Сақтаудағы деректерді өзектілендіру кезеңділігі	5
§3. Сақтау орнына кіруді бақылау	5
5-тарау. Сәйкестендіру және аутентификация	Ошибка! Закладка не определена.
§1. Атауларға қойылатын талаптар	Ошибка! Закладка не определена.
§2. Бастапқы сәйкестікті тексеру	6
6-тарау. Тіркеу куәліктерінің өмірлік цикліне қойылатын жалпы Ошибка! Закладка не определена.	
талаптар	Ошибка! Закладка не определена.
§1. Тіркеу куәлігін шығаруға (беруге) өтініш	6
§2. Тіркеу куәлігін шығаруға (беруге) өтінішті өңдеу	6
§3. Тіркеу куәліктерін шығару	6
§4. Тіркеу куәліктері мен негізгі жұптарды пайдалану	6
§5. Тіркеу куәліктеріндегі кілттерді ауыстыру және қолданылу мерзімдерін жаңарту	6
§6. Тіркеу куәліктеріндегі деректерді өзгерту	6
§7. Тіркеу куәліктерін кері қайтарып алу	6
7-тарау. Куәландырушы орталықты бақылау түрлері	Ошибка! Закладка не определена.
§1. Физикалық бақылау	Ошибка! Закладка не определена.
§2. Операциялық бақылау	7
§3. Басқарушылық бақылау	7
§4. Бақылау хаттамалау рәсімдері	7
§5. Куәландырушы орталықтың кілттерін ауыстыру	7
§6. Төтенше жағдайлар немесе әшкерелеу жағдайында жұмыс істеуді қалпына келтіру	Ошибка!
Закладка не определена.	
§7. Мұрағатты жүргізу	8
8 тарау. Кілттердің қауіпсіздігін техникалық бақылау	Ошибка! Закладка не определена.
§1. Генерациялау және орнату	8
§2. Жабық кілттерді қорғау және криптографиялық модульдерді инженерлік бақылау	8
§3. Кілттерді басқарудың басқа аспектілері	8
§4. Есептеу ресурстарының қауіпсіздігін бақылау	8
§5. Дамуды және қауіпсіздікті басқаруды бақылау	8
9-тарау. Тіркеу куәліктерінің профильдері, ҚТКТ және OCSP Ошибка! Закладка не определена.	
§1. Тіркеу куәліктерінің профильдері	8
§2. Кері қайтарып алынған тіркеу куәліктері тізімінің профильдері	9
§3. OCSP қызметінің профилі	9
10 тарау. Қызметті тексеру	Ошибка! Закладка не определена.
11-тарау. Басқа сұрақтар	Ошибка! Закладка не определена.
§1. Тарифтер	9
§2. Қатысушылардың дербес деректерін қорғау	9
§3. Зияткерлік меншік құқығы	9
§4. Кепілдіктер мен растамалар	9
§5. Хабарламалар және қатысушылармен байланыс	9
§6. Дауларды шешу	9
12-тарау. Жауапкершілік	Ошибка! Закладка не определена.
13 тарау. Құпиялылық	Ошибка! Закладка не определена.
14-тарау. Қорытынды ережелер	Ошибка! Закладка не определена.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Куәландырушы орталықтың тіркеу куәліктерін қолдану саясаты (бұдан әрі - Саясат) шығарылған КО тіркеу куәліктерінің өмірлік цикліне байланысты куәландырушы орталықтың (бұдан әрі-КО) жалпы ережесі мен бағытын айқындайды.

2. Саясат КО жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының (бұдан әрі – ҚР) заңнамасына¹ сәйкес әзірленді.

3. Саясат RFC 3647 «Internet X.509 Public Key Infrastructure Certificate Policy and Certification Practices Framework» (х. 509 форматындағы ашық кілттердің интернет инфрақұрылымындағы сертификаттар саясаты мен практикасы құжаттарының құрылымы) халықаралық салалық ұсынымдарын ескере отырып әзірленді.

4. Саясаттың мақсаты - КО иелеріне қызмет көрсетудің рәсімдері мен шарттарына, КО тіркеу куәліктерінің өмірлік цикліне байланысты жалпы талаптарды анықтау.

5. Саясаттың негізгі міндеттері Банктің ақпараттық жүйелерінде тіркеу куәліктерін қолданудың негізгі қағидаттары мен талаптарын айқындау болып табылады.

6. Саясаттың талаптары КО тіркеу куәліктерін пайдаланатын Банктің ашық кілттері инфрақұрылымының барлық қатысушыларының орындауы үшін міндетті.

2-тарау. Глоссарий

7. Саясатта келесі ұғымдар қолданылады:

1) аутентификация - әртүрлі параметрлердің, оның ішінде парольдерді немесе аутентификациялық белгілерді (цифрлық сертификаттар, токендер, смарт-карталар, бір реттік пароль генераторлары және биометриялық сәйкестендіру құралдары) жасау мен енгізудің комбинациясы арқылы пайдаланушының түпнұсқалығын тексеру тәсілі;

2) Банк – «Jusan Bank» АҚ;

3) ІҚ – Банктің ішкі құжаттары;

4) тіркеу куәлігінің иесі - атына тіркеу куәлігінде көрсетілген ашық кілтке сәйкес келетін жабық кілтті заңды түрде иеленетін тіркеу куәлігі берілген жеке тұлға;

5) белсендендіру деректері -криптографиялық операцияларды орындау үшін қажетті және қорғауды талап ететін кілттерді қоспағанда, кез келген деректер: дербес сәйкестендіру нөмірлері (PIN), құпия сөз тіркестері, бөлінген кілт компоненттері, биометриялық параметрлер және басқалар;

6) сенім білдіруші тарап - КО шығарған тіркеу куәлігі туралы алынған мәліметтерді ҚР түбірлік КО, Банк порталы, КО тіркеу куәліктерін пайдаланатын мемлекеттік ақпараттық жүйелер арқылы иесіне ЭЦҚ тиесілігін тексеру үшін пайдаланатын тіркеу куәлігін пайдаланушы;

7) халықаралық объектілік сәйкестендіргіштер ағашы - стандартталған ITU-T және ISO/IEC (X. 660) кез келген нақты немесе дерексіз объектілерді бір типті, бір мағыналы, жан-жақты атаулармен атау механизмі, үш ерекше пішінді иерархиялық ағаштарды (3 түрлі тамырдан) пайдаланып атауларды тіркеуге арналған, онда әрбір келесі түйін бүтін санға ие және одан шығатын тармақтарды одан әрі бөлуге және тіркеуге жауапты;

8) өмірлік цикл - КО шығарылған тіркеу куәліктерін беру, сақтау және қолданылу мерзімін тоқтату (кері қайтарып алу), жариялау;

9) электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті (ЭЦҚ жабық кілті) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып, электрондық цифрлық қолтаңбаны жасауға арналған электрондық цифрлық нышандар тізбегі;

¹ ҚР заңнамасы, оның ішінде электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы ҚР Заңы; Дербес деректер және оларды қорғау туралы ҚР Заңы; Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 27 қазандағы № 405/НҚ бұйрығымен бекітілген куәландырушы орталықта электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілттерін жасау, пайдалану және сақтау қағидалары; Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 9 желтоқсандағы № 1187 бұйрығымен бекітілген электрондық цифрлық қолтаңбаның түпнұсқалығын тексеру қағидалары

10) сәйкестендіру - Саясат мәтінінде, жеке тұлғаның жеке басын анықтайтын процесс (немесе процестің нәтижесі) (берілген тұлғаның белгілі бір нақты тұлға екенін көрсететін);

11) ақпараттық жүйе (АЖ) – ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы белгілі бір технологиялық әрекеттерді іске асыратын және нақты функционалдық міндеттерді шешуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсететін персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдық-реттелген жиынтығы, тіркеу орталығы;

12) ашық кілттер инфрақұрылымы (АКИ) – ашық кілттермен криптожүйелер негізінде криптографиялық міндеттерді (аутентификация, шифрлау, тұтастық пен дәлелділікті бақылау) шешу үшін жиынтықта пайдаланылатын, аталған міндеттер шешілетін ашық кілттерді басқаруды дербес қамтамасыз етуге қабілетті құралдар (техникалық, материалдық, адамдық және өзге де), бөлінген қызметтер мен компоненттер жиынтығы;

13) нысан сәйкестендіргіші - бұл объектімен байланысқан және оны объектілердің әлемдік мекенжай кеңістігінде бірегей түрде анықтайтын сандардың бірегей жиынтығы;

14) электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілті (ЭЦҚ ашық кілті) - кез келген тұлғаға қолжетімді және электрондық құжаттағы электрондық цифрлық қолтаңбаның түпнұсқалығын растауға арналған электрондық цифрлық символдардың реттілігі;

15) Куәландырушы орталық қызметінің қағидалары (қағидалары) - саясатқа сәйкес жүзеге асырылатын КО-ның негізгі қызметін ұйымдастыру тәртібін айқындайтын ІҚ;

16) тіркеу куәлігі - "электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" ҚР Заңында белгіленген талаптарға электрондық цифрлық қолтаңбаның сәйкестігін растау үшін КО беретін электрондық құжат;

17) қайтарып алынған тіркеу куәліктерінің тізімі (ҚТКТ) – қолданысы тоқтатылған тіркеу куәліктері туралы мәліметтерді, олардың сериялық нөмірлерін, кері қайтарып алу күні мен себебін қамтитын тіркеу куәліктері тіркелімінің бөлігі;

18) ақпаратты криптографиялық қорғау құралдары (АКҚҚ) – криптографиялық түрлендіру, кілттерді құру, қалыптастыру, тарату немесе басқару алгоритмдерін жүзеге асыратын құралдар;

19) электрондық цифрлық қолтаңба құралдары (ЭЦҚ құралдары) – электрондық цифрлық қолтаңбаны жасау және оның түпнұсқалығын тексеру үшін пайдаланылатын бағдарламалық және техникалық құралдардың жиынтығы (электрондық цифрлық қолтаңба құралдары ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарының бір түрі болып табылады);

20) ашық кілттер инфрақұрылымына қатысушылар (АКИ қатысушысы) – клиенттерге қызмет көрсетуге жауапты КО қызметкерлері, сондай-ақ тіркеу куәліктерінің иелері;

21) Куәландырушы орталық (КО) - электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне сәйкестігін куәландыратын, сондай-ақ тіркеу куәлігінің дұрыстығын растайтын Банк;

22) сертификаттау орталығы - тіркеу куәлігін беруге, қызмет көрсетуге және кері қайтарып алуға арналған КО бағдарламалық-аппараттық кешені, ҚР заңнамасына сәйкес әрекет ететін ҚТКТ уақтылы импорты;

23) тіркеу орталығы - иесінен тіркеу куәлігін шығаруға және кері қайтарып алуға өтініштерді қабылдайтын, сондай-ақ өтініш берушілерді тексеруді, сәйкестендіруді және аутентификациялауды жүзеге асыратын Банктің фронтальды жүйесі (Juan мобильді қосымшасы);

24) электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы;

25) электрондық құжат - ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және ЭЦҚ арқылы куәландырылған құжат.

Саясат мәтіні бойынша пайдаланылатын өзге де терминдер мен қысқартулар ҚР заңнамасында, жалпы банктік глоссарийде бекітілген мәнге сәйкес, ал олар болмаған кезде ҚР заңнамасында және жалпы банктік глоссарийде – халықаралық банк практикасында

бекітілген мәнге сәйкес қолданылады.

Құжат атауын көрсетпей саясат мәтініндегі бөлімдерге, бөлімдерге, тарауларға, абзацтарға, тармақтарға, қосымшаларға барлық сілтемелер осы Саясатқа жатады.

3-тарау. Тіркеу куәліктерінің мақсаты

8. КО тіркеу куәліктерін береді, тіркейді, кері қайтарып алады, сақтайды, белгіленген тәртіппен берілген тіркеу куәліктерінің тіркелімін жүргізеді, сондай-ақ КО тіркеу куәліктерін және қажетті нормативтік құжаттарды, өзінің сервистері туралы басқа да деректерді жариялайды.

9. Меншік иелерінің жоғары қауіптілік көздерін (ядролық, қару-жарақты бақылау жүйелерін және т. б.) басқаруға байланысты, сондай-ақ персоналдың жаралануына/өліміне немесе қоршаған ортаға зиян келтіруге әкеп соғуы мүмкін кез келген жағдайларда сертификаттау орталығында өзі шығарған тіркеу куәліктерін пайдалануына жол берілмейді.

10. КО шығарған тіркеу куәліктерін ҚР заңнамасына, Саясатқа, Қағидаға қайшы келетін тәсілдермен пайдалануға жол берілмейді.

11. КО иелерінің тіркеу куәліктері сенім білдіруші тараптардың бағдарламалық қамтамасыз етуімен жұмыс істеу үшін пайдаланылады.

4-тарау. Куәландырушы орталықтың сақтау орны және ондағы деректерді жариялау

§1. Сақтау және жариялау

12. КО Сертификаттау орталығының құрамдас бөлігі КО өзінің негізгі қызметтерін ұсыну кезінде ақпарат анықтамалығы ретінде пайдаланатын сақтау орны болып табылады.

13. КО Интернет желісіндегі Банктің ресми ақпараттық ресурсында (корпоративтік интернет ресурс) бөлім жүргізеді, онда КО тіркеу куәліктерін және қажетті нормативтік құжаттарды және өз сервистері туралы басқа да деректерді (бұдан әрі – Мәліметтер) жариялайды.

§2. Сақтаудағы деректерді өзектілендіру кезеңділігі

14. КО әрбір жаңадан шығарылған тіркеу куәлігін сақтау орнында жариялайды.

15. Тіркеу куәлігін қайтарып алған жағдайда КО оны Қағидаларда айқындалған тәртіппен жояды.

16. Тіркеу куәлігінің қолданылуы тіркеу куәлігі берілген мерзім өткеннен кейін тоқтатылады.

§3. Сақтау орнына кіруді бақылау

17. КО АЖ АҚ қамтамасыз ету рәсімін регламенттейтін қағидалар мен ІҚ-ға сәйкес ЭЦҚ жабық кілттерін заңсыз қол жеткізуден қорғау үшін шаралар қабылдай отырып, өтініш берушілердің/иелердің өтініші бойынша ЭЦҚ кілттерін жасайды.

18. КО сақтаудағы ашық кілттердің және / немесе жабық ЭЦҚ кілттерінің жоғалуын, модификациясын, қолдан жасалуын болдырмау үшін шаралар қабылдайды.

19. КО сайтында жарияланатын мәліметтер "тек оқу үшін" құқықтарымен еркін қол жеткізу режимінде ұсынылады.

5-тарау. Сәйкестендіру және аутентификация

§1. Атауларға қойылатын талаптар

20. КО барлық шығарылатын тіркеу куәліктерінде меншік иелерін біржақты сәйкестендіруді қамтамасыз етуге арналған субъектілерді атау ережелерін қолданады.

§2. Бастапқы сәйкестікті тексеру

21. Сәйкестікті бастапқы тексеру және тіркеу куәлігінің иесін сәйкестендіруді талап ететін кез келген кейінгі рәсім Қағидаға сәйкес жүргізіледі.

6-тарау. Тіркеу куәліктерінің өмірлік цикліне қойылатын жалпы талаптар

§1. Тіркеу куәлігін шығаруға (беруге) өтініш

22. Тіркеу куәлігін шығаруға (беруге) өтінішті жеке тұлғалар беруге құқылы.

23. КО иесінің тіркеу куәлігін шығаруға өтініштерді ресімдеу қағидаттары Қағидаларда айқындалған.

§2. Тіркеу куәлігін шығаруға (беруге) өтінішті өңдеу

24. Тіркеу орталығы ҚР заңнамасына сәйкес электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба мәселелері бойынша тіркеу куәлігін шығаруға өтінішті өңдейді.

25. Тіркеу куәліктерін шығаруға өтініштерді қарау және өңдеу мерзімі қағидаларда айқындалады.

26. Тіркелген өтінішті КО электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба мәселелері бойынша ҚР заңнамасында және Қағидаларда белгіленген жағдайларда қабылдамайды.

§3. Тіркеу куәліктерін шығару

27. Әрбір тіркеу куәлігін тіркеу орталығында тіркеу куәлігін шығаруға жеке өтінішті тіркеу және сәтті өңдеу фактісі бойынша КО жасайды.

28. КО иесіне тіркеу куәлігін шығарудың принциптері мен негізгі кезеңдері Қағидаларда айқындалған.

§4. Тіркеу куәліктері мен негізгі жұптарды пайдалану

29. Тіркеу куәліктері мен кілттер жұбын пайдаланудың қажетті шарттары Қағидаларда айқындалған.

30. КО тіркеу куәліктерін пайдаланушының (сенім білдіруші тараптың) міндеттеріне қатысты бөлігінде Саясат пен Қағидалардың талаптарын орындауға міндеттенбеген тіркеу куәліктерін пайдаланатын тұлғалардың алдында жазбаша міндеттеме, электрондық құжат не Банктің АЖ-да тіркелген келісімнің өзге де үлгісінде жауап бермейді.

§5. Тіркеу куәліктеріндегі кілттерді ауыстыру және қолданылу мерзімдерін жаңарту

31. КО тіркеу куәліктеріндегі кілттердің қолданылу мерзімдерін жаңарту бойынша қызмет көрсетпейді. Тіркеу куәліктеріндегі кілттерді ауыстыру Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

§6. Тіркеу куәліктеріндегі деректерді өзгерту

32. КО тіркеу куәліктеріндегі деректерді өзгерту бойынша қызметтерді ұсынбайды.

§7. Тіркеу куәліктерін кері қайтарып алу

33. КО шығарған тіркеу куәліктерін КО ҚР заңнамасында электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба мәселелері бойынша белгіленген негіздер бойынша және Қағидаларда кері қайтарып алуы мүмкін.

7-тарау. Куәландырушы орталықты бақылау түрлері

§1. Физикалық бақылау

34. Деректерді өңдеудің негізгі және резервтік орталықтарында сертификаттау орталығының жабдықтарын орналастыру шарттары ҚР-да техникалық құралдар мен

ақпараттық қауіпсіздіктің үздіксіз жұмыс істеу жүйелеріне қойылатын талаптарға, сондай-ақ регламенттелген Қағидаларға сәйкес келеді.

35. КО кілттерімен операциялар тек физикалық қорғалған объектілерде, құпия ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу, пайдалану немесе ашу әрекеттері қиын және тіркелетін жағдайларда ғана жүргізіледі. Ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша Банктің АЖ АҚ және өзге де ІҚ қамтамасыз ету рәсімі туралы Қағидалардың, ІҚ талаптарын, сондай-ақ ҚР заңнамасын сақтаған жағдайда КО қызметін қашықтықтан жүзеге асыруға жол беріледі.

§2. Операциялық бақылау

36. Сертификаттау орталығының жабдықтарына физикалық және логикалық қол жетімділік процедуралық түрде бөлінеді.

37. Аппараттық криптографиялық модульдерді (Hardware security Module, HSM) және олардың негізгі материалдарын баптау және қызмет көрсету рәсімдеріне физикалық қол жеткізу үшін ережелерге сәйкес Банктің кемінде екі уәкілетті қызметкерінің қатысуы талап етіледі.

38. Сертификаттау орталығына логикалық сұраныстарды өңдеу процедуралары сұраныс бастамашыларының өкілеттіктерін бақылай отырып, қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету деңгейінде автоматтандырылған.

§3. Басқарушылық бақылау

39. КО жұмысы үшін барлық функцияларды Қағидаларда регламенттелген өкілеттіктерге сәйкес КО қызметкерлері орындайды.

40. КО сертификаттау орталығының аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз етуді жеткізу және техникалық қолдау шарттары шеңберінде контрагенттерді тартуға жол беріледі.

41. Азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар негізінде КО функциялары мен жұмыстарын орындауға адамдарды тартуға жол берілмейді.

§4. Бақылау хаттамалау рәсімдері

42. КО-ның сұрауларын өңдеу (тіркеу куәліктерін беруге және кері қайтарып алуға, тіркеу куәліктерінің жай-күйін тексеруге және т. б.) сұрау салудың бастамашысын тіркеуді қамтитын міндетті бақылау хаттамасымен жүзеге асырылады.

43. Хаттамалауға жататын оқиға түрлері Қағидалармен айқындалады.

§5. Куәландырушы орталықтың кілттерін ауыстыру

44. Кілттерді ауыстыру Қағидаларға сәйкес КО аппараттық криптографиялық модульдерінің (HSM) пайдалану-техникалық құжаттамасына сәйкес жүзеге асырылады.

§6. Төтенше жағдайлар немесе әшкерелеу жағдайында жұмыс істеуді қалпына келтіру

45. КО, КО сервистерінің жұмыс істеуін тоқтатуға әкеп соғатын төтенше және өзге де оқиғалар жағдайында КО штаттан тыс, дағдарыстық жағдайларда куәландырушы орталық қызметкерлерінің іс-қимылдары жөніндегі нұсқаулыққа, куәландырушы орталықтың ақпараттық ресурстарының деректерін резервтік көшіру, мұрағаттау және қалпына келтіру жөніндегі нұсқаулыққа, сондай-ақ ақпараттарды өңдеу құралдарымен байланысты активтердің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі қағидаларды регламенттейтін ІҚ-ға сәйкес әрекет етеді.

46. Тіркеу куәліктерінің мәртебесі туралы мәліметтерді жариялау, тіркеу куәліктерін шығару және кері қайтарып алу бойынша КО негізгі сервистерін жаңарту жұмыс істеуді қалпына келтірудің басымдығы болып табылады.

§7. Мұрағатты жүргізу

47. КО Қағидаларда айқындалған жазбаша және электрондық құжаттарды сақтайтын мұрағат жүргізеді.

48. КО мұрағаты ҚР заңнамасының регламенттелген мерзімдері мен талаптарына сәйкес тұрақты негізде жүргізіледі.

8 тарау. Кілттердің қауіпсіздігін техникалық бақылау

§1. Генерациялау және орнату

49. Сертификаттау орталығы кілттерді генерациялауды тек криптографиялық ақпаратты қорғау құралдарының (бұдан әрі – Стандарт) жалпы техникалық талаптарын айқындайтын, криптографиялық тұрақтылығы ҚР қолданыстағы стандартқа сәйкестік сертификатымен расталған ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарының (бұдан әрі – Стандарт) көмегімен ғана жүргізеді.

50. Сертификаттау орталығының кілттерін генерациялауды осы мақсат үшін бөлінген және Қағидаларға сәйкес КО-ның алдын ала оқытылған бірнеше қызметкерлері ғана жүзеге асырады.

§2. Жабық кілттерді қорғау және криптографиялық

модульдерді инженерлік бақылау

51. КО жабық кілттерін жария етуден, бұрмалаудан, ауыстырудан және рұқсатсыз пайдаланудан қорғау шаралары Қағидаларда айқындалған

52. Жабық кілттерді жасау және сақтау үшін сертификаттау орталығы стандартқа сай сертификатталған аппараттық криптографиялық модульдерді (HSM) пайдаланады. Бұл ретте сертификаттау орталығының жабық кілттері екіншісінен төмен емес деңгей бойынша стандартқа сәйкестікке сертификатталған HSM қауіпсіздік модульдерінде құрылады; бұлтты тіркеу куәліктерінің жабық кілттері үшіншіден төмен емес деңгей бойынша стандартқа сәйкестікке сертификатталған HSM қауіпсіздік модульдерінде құрылады. Толығырақ ақпарат Қағидаларда көрсетілген.

§3. Кілттерді басқарудың басқа аспектілері

53. КО шығарған тіркеу куәлігімен куәландырылған барлық ашық кілттер осы тіркеу куәліктерінің құрамында мұрағатталуға тиіс.

54. Кілттерді басқару тәртібі Қағидалармен анықталады.

§4. Есептеу ресурстарының қауіпсіздігін бақылау

55. Есептеу ресурстары, бағдарламалық қамтамасыз ету және сертификаттау орталығының деректері АЖ АҚ қамтамасыз ету рәсімі және қағидалар туралы ІҚ сәйкес рұқсатсыз кіруден қорғалады.

§5. Дамуды және қауіпсіздікті басқаруды бақылау

56. КО-ның техникалық және бағдарламалық құралдарының жұмысқа қабілеттілігі мен тұтастығы осы құралдарды, оларға қол жеткізу құқықтарын және қол жеткізуді қамтамасыз ететін АТ-архитектурасының техникалық құралдарын пайдаланғаны үшін құқықтар мен жауапкершілікті бөлуге негізделген ұйымдастырушылық және техникалық шаралар жүйесімен қамтамасыз етіледі.

9-тарау. Тіркеу куәліктерінің профильдері, COPC және OSCP

§1. Тіркеу куәліктерінің профильдері

57. КО ITU-T X. 509 стандартына сәйкес тіркеу куәліктерін шығарады.

58. Тіркеу куәліктеріндегі негізгі жолдар олардың мазмұнына қойылатын талаптармен бірге Қағидаларға сәйкес айқындалады.

§2. Кері қайтарып алынған тіркеу куәліктері тізімінің профильдері

59. КО ITU-T X. 509 стандартына сәйкес кері қайтарып алынған тіркеу куәліктерінің тізімін шығарады.

60. Кері қайтарып алынған тіркеу куәліктерінің тізімдеріндегі негізгі жолдар мен кеңейтімдер олардың мазмұнына қойылатын талаптармен бірге Қағидаларға сәйкес айқындалады.

§3. OSCP қызметінің профилі

61. КО шығарған тіркеу куәліктерінің мәртебесі туралы ақпарат алу үшін OSCP сервисі Қағидаларға сәйкес ұсынылады.

10 тарау. Қызметті тексеру

62. Уәкілетті мемлекеттік орган КО қызметін тексеруді жүзеге асыруға құқылы.

11-тарау. Басқа сұрақтар

§1. Тарифтер

63. КО қызметтері тарифтелмейді және төленбейді.

§2. Қатысушылардың дербес деректерін қорғау

64. КО ҚР заңнамасына сәйкес дербес деректер және оларды қорғау мәселелері бойынша АКИ қатысушыларының дербес деректерін қорғауды қамтамасыз етеді.

§3. Зияткерлік меншік құқығы

65. КО өз қызметінде Қағидаларға сәйкес бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдаланады. Бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану тәртібі Банк сатып алған лицензиялардың шарттарымен айқындалады.

§4. Кепілдіктер мен растамалар

66. КО және сертификаттау орталығы өз қызметінде Қағидаларда баяндалған тіркеу куәліктерінің (иесінің және сенім білдіруші тараптың) иесі мен пайдаланушысының кепілдіктері мен куәліктерінің шарттарын орындайды.

§5. Хабарламалар және қатысушылармен байланыс

67. АКИ қатысушылары Қағидаларға сәйкес бір-бірімен байланысу үшін арналарды пайдаланады.

§6. Дауларды шешу

68. АКИ қатысушылары арасындағы: тіркеу куәліктерінің иелері мен пайдаланушылары (меншік иелері мен сенім білдіруші тараптар) арасындағы, сондай-ақ бір тараптан меншік иесі немесе сенім білдіруші тарап пен екінші тараптан Куәландырушы орталық арасындағы даулар - тараптар арасында қолданылатын шарттардың ережелеріне және/немесе ҚР заңнамасына сәйкес шешіледі.

69. Егер Саясат ережелерінің бір бөлігін сот немесе уәкілетті мемлекеттік орган қолданылмайды деп таныған жағдайда, олардың қалған бөлігі күшін сақтайды.

12-тарау. Жауапкершілік

70. КО, тіркеу куәліктерінің иелері мен пайдаланушыларының (иелері мен сенім білдіруші тараптардың) жауапкершілігі ҚР заңнамасымен шектелген.

71. Саясатты орындамағаны және / немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілік тіркеу орталығына, сертификаттау орталығына, КО-ға қызмет көрсету процесіне қатысатын Бас Банктің құрылымдық бөлімшелерінің және Банктің оқшауланған бөлімшелерінің қызметкерлері мен басшыларына жүктеледі.

72. КО-ны, тіркеу орталығын, сертификаттау орталығын ұйымдастыруды және қолдауды жалпы бақылауды Банктің ішкі бақылау саясатымен регламенттелген Банктің ішкі бақылау жүйесін қорғаудың бірінші желісінің қатысушылары ретінде тіркеу орталығына, сертификаттау орталығына, КО-ға қызмет көрсету процесіне қатысатын бөлімшелер жүзеге асырады. Тіркеу орталығының, Сертификаттау орталығының, КО жұмыс істеуін жалпы бақылау тұрақты негізде жүзеге асырылады.

73. Цифрлық даму бөлімшесінің басшысы ішкі бақылау саясатын және Банкте ішкі бақылауды жүзеге асыру рәсімін регламенттейтін Банктің ІҚ ережелеріне сәйкес тиімді ішкі бақылауды ұйымдастыруға және қолдауға жауапты болады.

13 тарау. Құпиялылық

74. КО тіркеу куәліктерінің иелері туралы мәліметтерді қорғауды қамтамасыз етеді және оларды ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда ашады.

75. Тараптардың келісіміне сәйкес құпия болып табылатын тіркеу куәліктерінің иелері туралы мәліметтер тіркеу куәліктерінің жалпыға қолжетімді тіркеліміне енгізілмейді.

76. КО шығаратын тіркеу куәліктері және оларды кері қайтарып алу немесе өзге де мәртебесі туралы ақпарат құпия ақпарат болып табылмайды және ретінде қаралмайды.

14-тарау. Қорытынды ережелер

77. Егер Директорлар кеңесінің шешімімен өзге жариялау мерзімі белгіленбесе, Саясат Банктің Директорлар Кеңесі бекіткен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні өткен соң жарияланады.

78. Саясаттың күші жойылды деп тану туралы шешім Саясаттың жаңа редакциясы немесе оны алмастыратын ішкі құжат қолданысқа енгізілген күні күшіне енеді.

79. Саясат және оған енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулар "Jusan Bank" АҚ корпоративтік интернет-ресурсында жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

80. Саясатпен реттелмеген Қағидалар ҚР заңнамасымен реттеледі.

81. ҚР заңнамасы өзгерген және Саясаттың жекелеген ережелерінің ҚР заңнамасына қайшылықтары туындаған жағдайда, Саясаттың мұндай ережелері күшін жояды және Банк қызметкерлері Саясатты тиісті өзектендіргенге дейін өз қызметінде ҚР заңнамасын басшылыққа алады.

82. Саясатқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда Саясатты Банктің Директорлар кеңесі жаңа редакцияда бекітеді.

83. Саясатқа барлық өзгерістер мен толықтырулар Саясаттың жаңа редакциясында бекітіледі және жарияланады және Банктің корпоративтік интернет ресурсында орналастырылады.

84. Саясаттың жаңа бекітілген редакциясын жариялау КО шығарған барлық тіркеу куәліктерінің пайдаланушылары, оның ішінде олардың иелері үшін оның күшіне енуі туралы ресми хабарлама болып табылады.

85. Саясаттың жаңа редакциясы жарияланған күннен бастап, егер бекітуші шешімнің өтпелі ережелерінде өзгеше көзделмесе, өзгерістер мен толықтырулар пайдаланушылардың КО шығарған барлық тіркеу куәліктерін, соның ішінде олардың иелерін қолдануы үшін міндетті болады.

86. Жарияланатын өзгерістер мен оған толықтыруларды ескере отырып, Саясат Банктің корпоративтік интернет-ресурсында Саясаттың жаңа редакциясы жарияланған сәтке дейін күшін сақтайды.

87. Саясатқа елеусіз өзгерістер (мекенжайлар мен сілтемелерді, байланыс ақпаратын өзгерту, қателерді түзету және т.б.) АКИ қатысушыларына алдын ала ескертусіз енгізіледі.

Өзгерістер мен толықтырулардың (елеулі немесе маңызды емес) маңыздылық деңгейі туралы шешімдерді КО-ға қызмет көрсету процесіне қатысушылар дербес қабылдайды.

88. КО Саясатына елеулі өзгерістер мен толықтыруларды, егер ҚР заңнамасында жарияланған өзгерістерде өзгеше көзделмесе, әдетте, күшіне енгенге дейін күнтізбелік 14 (он төрт) күн бұрын жобаның нысанында Банктің корпоративтік интернет-ресурсында алдын ала жариялайды.

89. Қызмет көрсету процесіне қатысушылар Саясатқа өзгерістер мен толықтырулар енгізген жағдайда КО Саясаттың объектілік сәйкестендіргіштерінің тізбесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігін айқындауға тіркеу куәліктерін және оны Саясаттың жаңа редакциясына сәйкес келтіруге жауап береді.

90. Егер Саясаттағы өзгерістер мен толықтыруларға байланысты тіркеу куәліктері саясатының объектілік сәйкестендіргіштерінің тізбесін өзгерту қажет болса, онда оған, сондай-ақ Қағидаларға тиісті өзгерістер бір мезгілде жарияланады және енгізіледі.